

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "14805 әскери бөлімі"  
мемлекеттік мекемесін құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 қаңтардағы N 26 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 мамырдағы  
№ 598 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.05.08 № 598 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын дамыту мақсатында  
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "14805 әскери бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мемлекеттік мекеме) құрылсын.

2. Мемлекеттік мекемені қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан  
Республикасының Қарулы Күштерін ұстауға көзделген қаражат есебінен және  
шегінде жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген  
т ә р т і п п е н :

1) Мемлекеттік мекеменің Жарғысын бекітсін және оның әділет  
органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Құпия.

5. Құпия.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*